



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

4. Бодалев А.А. Личность и общение. Избранные труды. – М. 1983.
5. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию – Брест: Издательство Брестского ГПИ, 1993.
6. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: МГУ, 1990.

УДК 371:376.2

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КОМПЕТЕНЦИЯСЫ

Отарова Шолпан Шамшидинқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«6М090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Есимова Д. Г.

Кәсіби әлеуметтік жұмыс қалыптасуы мен дамуы барысында жаңа салаларда өзіндік орын алатындығын және әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарды дайындауда нақты қызмет көрсету компетенциясын бекітуді ескеру қажеттігін көрсетті. Әлеуметтік жұмыс халықтың барлық көмекке мұқтаж әлеуметтік топтарын қамтитын болғандықтан, әлеуметтік жұмыскерлердің жұмысы жан-жақты кешенді қызметтер түрлерін қамтиды.

Әлеуметтік жұмыста компетенттілік түсінігінің нақты анықтамасы белгіленбеген. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандардың компетенттілігін бірнеше сипатта түсіндіруге болады:

- Әлеуметтік қызмет көрсетуші маманның тұлғаға зерттеу жүргізу дағдыларын меңгере алу қабілеттілігі

- Профессиографиялық ақпарат және еңбек нарығының жағдайында тиімді жұмыс жасау қабілеттілігі

- Әлеуметтік жұмыскерлердің клиенттердің психоэмоционалдық жағдайын қалпына келтіруіне, индивидуалды және топтық консультациялар жүргізуіне, танымдық белсенділікті дамыту бойынша тренингтік жұмыстар өткізуге мүмкіндік беретін арнайы білімдердің жиынтығы.

- Клиенттің қажеттілігі бойынша мәселені түрлі тәсілдермен шешу мүмкіндігі.

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандардың нақты қызмет көрсету компетенциясын анықтау үшін әр әлеуметтік саланың ерекшеліктерін қарастыра отырып келіс жасау қажет.

1998 жылы Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыстың маманы және әлеуметтік жұмыскердің қызметі енгізілген. Ол біліктілік анықтамалығында келесі меңгерушілік қызметтермен белгіленген: мекемелерде, отбасы және жеке тұлға шағын аудандарында әлеуметтік медициналық, заңдық, психолого-педагогикалық, материалды және басқа да көмекке зәру халықты анықтайды. Олардағы туындаған қиыншылықтар мен ушыққан жағдайлардың пайда болу себептерін айқындайды және оларды шешуге және әлеуметтік қорғаныс беруге көмектеседі; халыққа қажетті әлеуметтік экономикалық көмек көрсететін мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің ықпалдасуына көмектеседі; отбасылық тәрбиеде, үйде отырған, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге жұмысқа тұру келісімдерін құруға, инвалидтарға, зейнеткерлерге көмектеседі; отбасы және неке қию сұрақтары бойынша және ашушаң мінезді кәмелетке толмаған балалармен заңды және психолого-педагогикалық консультациялар жүргізеді.

Әлеуметтік үй тұрмысты, материалды, емдік және оқу-тәрбиелік мекемелерге орналасу, қамқорлықты қажет ететін үлкендер мен балаларды анықтап оларға қол үшін тигізеді. Кәмелетке толмаған заң бұзушылардың қоғамдық қорғанысын, кей жағдайда сотта олардың қоғамдық қорғаушысы да болып көмек көрсетеді.

Отбасылық әлеуметтік көмек көрсету орталығын құруға қатысады: асырап алу,

камқорлыққа алу, әлеуметтік ақтауларда, жетімханалар, жастардың, жасөспірімдік, балалардың және отбасылардың, клубтар мен ассоциациялар және т.б. Арнайы оқу-тәрбиелік мекемелерден қайтып келген жеке тұлғалардың ақталуы мен әлеуметтік бейімделу жұмыстарын ұйымдастырады.

Әлеуметтік жұмыскердің арнайыланған жүйесі этикалық және кәсіпқой кодексте көрсетілгендей жеке тұлғалық және кәсіпқойлық қасиеттерінің бірігуін болжамдайды.

Әлеуметтік жұмыстың профессиограммасы.

Профессиограмма – арнайы тапсырмаларды шешу үшін және белгілі

бір жүйеде жасалынған кәсіпқой қызметтің бір түрінің сипаттама-технологиялық мінездемесі. Бұл маманның сәйкесінше қасиеттерін, тәртіптің негізін беретін және тиімділігін қалыптастыратын, шеберлігі мен құндылықтарын, білім жүйесін және кәсіпқойлық қызметтің мазмұнын айқындайтын құжат.

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының профессиограммасы

1.Мамандықтың жалпы сипаттамасы. Әлеуметтік жұмыс – қазіргі заманға сай, қоғамдағы қажеттілікті тудыратын қызмет ортасы. Әлеуметтік жұмыс ортасындағы маман әлеуметтік қолдауға, көмекке, қорғанысқа және қызмет көрсетуіне мұқтаж жеке тұлғалармен, отбасылармен, халықтық топтармен кәсіпқой практикалық қызмет көрсетеді.

2.Кәсіпқойлық қызметтің мазмұны. Маман әлеуметтік проектілер мен программалар ұйымдастыру мақсатында қарастырылып жатқан аудандарындағы халықтың әлеуметтік жағдайының проблемалары бойынша аналитикалық-зерттеулік қызметтер атқарады.

Маманның міндетіне тағы да мүмкіндігі шектеулі жеке тұлғалармен және топтармен әлеуметтің жұмыстың ұйымдастырылуы жатады.

Әлеуметтік жұмыс ортасындағы маман әлеуметтік қызмет пен мекемелердің әкімшіліктің жұмысында және ұйымдастырушылық-басқарушылық жұмыстарына қатысады. Сонымен қатар халыққа қажетті әлеуметтік қорғаныс пен көмектің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың шоғырлануына ықпалын тигізеді.

Әлеуметтік жұмыстың маманының міндетіне тағы әлеуметтік орындардағы, арнайы орта оқу орындарындағы тәрбиелік жұмыстардың жүргізілуі жатады.

3.Қажетті білім мен қабілеттілік. Әлеуметтік жұмыстың маманы қажетті мөлшерде әр түрлі салада білімі жетілген болуы керек.

Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік экономикалық пәндерден басқа Ресейдегі және шет елдердегі әлеуметтік институттардағыдай әлеуметтік жұмыстың негізгі этаптары мен тенденцияларын, анықтамалары мен категорияларын, принциптері мен заңдылықтарын, формалары мен әлеуметтік жұмыс деңгейлерін, әлеуметтік жұмыстың болжамдары мен жобалауларын білуі керек.

Әлеуметтік жұмыстың маманы халықтың әр түрлі жеке тұлғалары мен топтарының түрлі сферадағы әдістері мен технология түрлерін, мазмұнын білуі қажет.

Оның міндетіне психология, педагогика, әлеуметтік медицина, әлеуметтік жұмыстың құқықтық қамсыздандырудың негіздерін білу жатады.

Әлеуметтік жұмыстың маманы әлеуметтік мекемелер мен қызмет орталықтарындағы ұйымдастыру мен басқару жайлы түсінігі болу керек, және де кәсіпқойлық қызметке қажетті ақпаратты алып оны өңдей алуы және әлеуметтік жұмыстың анализі мен мониторингінің жағдайы мен дамуын жүргізе алуы керек.

Маманның міндетіне әлеуметтік медициналық және әлеуметтік педагогикалық,психоәлеуметтік жұмыстың ұйымдастырылуы мен өткізілуі жатады.

4.Маманға деген талаптар. Әлеуметтік жұмыстағы маманның қызметі алдымен халықтың ерекше контингентімен араласуынан тұрады. Көбіне көмек сұрап келген адамдар эмоционалды тұрақсыз, ерекше жақындау жолын қажет ететін болады.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі мекемелерінде жақсы жұмыс істеу үшін тұрақты қарым қатынасты және сабырлы болуы қажет. Маманның кәсіпқойлық қасиеттері ол оның жылуқандылығы, адалдығы, жібі түзу адам, еңбекқорлығы, байқағыштығы, өзіне сенімді және тұрақтылығы.

Әлеуметтік жұмыс ортасындағы маманның дамыған интеллектуалды қасиеттері болу керек: ақылының талдағыштық қасиеті, үлкен ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті.

5. Жұмысқа орналастыру. Маманның кәсіпқойлық қызметінің әлеуметтік жұмыс сферасына мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, денсаулық сақтау министрлігі, құқық қорғау министрлігі, білім беру министрлігі жатады.

Әлеуметтік жұмыскерде кәсіпқойлық қабілеттілік, адам жайлы тереңдетілген ғылыми білімі: психология, әлеуметтану, педагогика, акмеология болу керек. Әлеуметтік қызметкердің білімі мен қабілеттілігі өзіне сай болып тұрса, кәсіпқойлық қызметі жоғары дәрежеде орындалуына көп септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиет

1. Социальная работа: Введение в профессиональную деятельность: Учебное пособие/ Отв.ред. А.А.Козлов. М., 2004. – 366б.

2. Шмелева Н.Б. Формирование и развитие личности социального работника как профессионала: Учебное пособие.- М.: «Дашков и Ко», 2005.-196б

УДК 159.923 – 055.2]:[364.262.4 – 053.2]

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАСЫ БАР АНАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Парманова Зарина Анарбекқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, I курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: А.М. Айтышева

Қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі ересек жандарды қоспағанның өзінде 150 мыңнан аса мүгедек бала өмір сүруде. Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Десек те, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлықпен бірге, олардың психологиялық жай-күйі жан-жақты зерттеуді қажет етеді [1]. Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасы көптеген қиындықтармен бетпе-бет келеді: мүмкіндігі шектеулі баланы алғашқы қабылдау, оған көну, оны мойындау, оның емделуіне жағдай жасау, ем-дом шараларын жүзеге асыру және т.с.с. Ең бастысы, мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасындағы ананың психологиялық қуаты мен рухани күші ғана бұл мәселені шешуге көмектесетіні мамандардың зерттеулерінің көкейкестілігіне айналуға.

Соңғы уақытта біздің елімізде және шетелде физикалық және психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар санының өсу қарқыны байқалып отыр. Біріккен ұлттар ұйымының мәліметтері бойынша әлемде 450 млн. адамда психикалық және физикалық дамуында ауытқушылықтары бар, бұл тұрғындардың оннан бір бөлігін, яғни 13% құрайды. Бұл мәлімет Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметтерімен нақтыланып отыр. Статистикалық мәліметтер бойынша бірқатар елдерде мүмкіндігі шектеулі балалар саны жалпы саннан 4,5% дан 17% дейін жетеді екен. Мүмкіндігі шектеулі бала – бұл өмірлік қызметіне шек келтіріп, оның әлеуметтік қорғалуын қажет ететін ағза қызметінің бұзылуы, аурулар, жарақаттар, олардың зардабынан болған дефектілері бар денсаулығы бұзылған тұлға.

Мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуі - барлық отбасы үшін өте күшті соққы беруші фактор болып табылады. Сол сәттен бастап, баланың айналасында психологиялық және физикалық жүктемелер көбейіп, көптеген арнайы мәселелердің шешімін табу жайлы сұрақтар туындайды. Бұл оқиғада көбінесе қиындықпен бетпе-бет